

Шудың деңгейін азайту және қаланың ауасын жүк тасымалдау көлігінің түтінінен ластануды төмендету шаралары туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 5 ақпандағы N 76 шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 25 ақпанда N 8 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 2004 жылғы 9 маусымдағы N 3/485 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Әкімшілігінің 09.06.2004 N 3/485 қаулысымен.

Алматы қаласының ауасын автомобильдердің түтінінен ластануын төмендету мақсатында, жүк тасымалдау көлігінің қозғалысын реттеуде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 қарашадағы "Алматы қаласында экологиялық жағдайда жақсарту шаралары туралы" N 1184 қаулысына сәйкес, әуе бассейнінің ластануының деңгейін төмендету және автокөлік қозғалысын реттеу мақсатында Алматы қаласының әкімі

шешім қабылдады:

1. Жүк тасымалдау көлігінің қозғалысы: Райымбек - Жангелдин - Қалдыаяқов - Достық - Сәтбаев - Фурманов - Әл-Фараби - Марков - Тимирязев - Розыбақиев - Төле би - Әуезов - Гоголь - Байзақов көшелерінің орамында шектелсін.

Аталған көшелерде жүк тасымалдау көлігінің, тракторлар, мотоциклдер мен пневматикалық механизмдердің қозғалысы ҚІБ МАИ басқармасы берген арнайы куәлігі бойынша рұқсат етіледі.

Фурманов көшесі мен Абылай хан даңғылында жүк тасымалдау қозғалысына тыйым салынады.

2. ҚІББ МАИ басқармасы (Н.А.Ыбырайымов) осы шешімнің 1-тармағында көрсетілген аймаққа кіруге арналған рұқсат қағаздардың 5 түрінің қажетті мөлшерін әзірлеп шығарсын:

- N 1 рұқсат қағазы жүк көлігінің өтуі үшін беріледі;
- N 2 рұқсат қағазы Мақатаев, Қонаев, Абай, Наурызбай батыр көшелері орамынан басқа тыйым салынған орамнан көліктердің өтуі үшін беріледі;
- көліктердің жүруге шек қойылған аймақтан өтуі үшін берілетін бір жолғы рұқсат қағазы;
- "Мото" рұқсат қағазы мотоцикл көлігінің өтуі үшін беріледі;

- "Трактор" рұқсат қағазы тракторлардың және пневматикалық механизмдердің өтуі үшін беріледі.

3. Заңды ұйымдарға, жеке адамдарға келесі ставкалар бойынша рұқсат қағаз беру ұйымдастырылсын:

- N 1 үлгідегі рұқсат қағазы есептік көрсеткіш мөлшерінде;

- N 2 үлгідегі рұқсат қағазы мотоцикл және трактор үшін рұқсат қағаздары - 5 есептік көрсеткіш мөлшерінде;

- уақытша рұқсат қағазы - берілген мерзіміне қарай, бірақ кемінде 0,5 есептік көрсеткіш мөлшерінде.

4. Рұқсат куәлігін алудағы төлемнен мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мүгедектердің ерікті қоғамы. Қазақстан зағиптар қоғамы, Қазақстанның саңыраулар қоғамы, Әлжуаз балалар мен жасөспірімдердің еңбек және әлеуметтік орталығы, Ұлы Отан соғысы мен ауған соғысының ардагерлерінің ұйымдары, балалар қорлары және ұйымдары босатылады.

5. Алматы қаласы әкімінің 1995 жылғы 1 маусымдағы "Автокөліктердің түтінінен қала ауасының ластануын төмендету шаралары туралы" N 121 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Б.Сауранбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

В.Храпунов